

«Бекітемін»
М.БАСКУЛДІН АТЫНДАҒЫ №3
көнсаланы ғимназия директоры
А.М.Акмединова

2023ж.

«Келісілді»
ДТІЖЖ орынбасары

О.Ж.Тержанова
«18 08 2023ж.

Күнтізбелік – тақырыптық жоспар

Пән: Дикторлық кәсіп

Сынып: 8 «Б»

Пән мұғалімі: Шахан Ә.Е

Барлығы: 34, аптасына: 1 сағ.

2023-2024 оқу жылы

Тұсінік хат

«Дикторлық кәсіп» үйірмесі жалпы білім беретін мектептердің 8-10 сыныптарына арналып жасалынды. Көмекші құрал КР «Білім туралы» Заңының, КР «Білім» бағдарламасының, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын ескере отырып жасалды.

Диктор - радио және теледидардың бет-бейнесі. Миллиондаған тындаушылар мен көрермендерге мемлекеттімізде, алыс-жақын шетелдерде болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтарды, оқигалар мен фактілерді жеткізе отырып, еліміздің саяси-экономикалық, мәдени-рухани деңгейінің артуы жолында қызмет атқарады.

Уақыт талабына байланысты бүгінде диктордың сөйлеу мәнерінің өзгеріп, қарапайымдылыққа, шынайылыққа бет бұруы – оны тындаушы-көрерменге барынша жақындата түсті. Дайын тексті сауатты түрде мәнерлеп оқып беру – күннен-күнгө жеткіліксіз бола бастады. Бұл орайда сөз – сөз үшін емес, ол диктордың ішкі жан дүниесін, оның ойы мен талап-тілегін жеткізу үшін қолданылуы керек болды. Яғни, микрофон алдында сөзбен белгілі бір мақсат үшін әрекет ете білу, тындаушы-көрерменге әсер ете білу – диктордың басты мақсатына айналды. Бұл өз кезегінде диктордың тіл техникасына, сөз әрекеттінің элементтеріне қатты көңіл бөлуін талап етеді. Окушылар үшін бұл үйірменің берер пайдасы мол. Біріншіден, окушылардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін артады. Білім алуға, ізденуге әркет жасайды. Екіншіден, ойлау қабілеттері, тіл байлықтары, шығармашылық қабілеттері шындала туседі. Үйірме барысында окушылар анық сөйлеуді, қазақ тіліндегі сөздердің дұрыс айтылу занылықтарын сақтай білуді, мақала жазуды, репортаж жасауды үйренеді.

«Дикторлық кәсіп» үйірмесі қазақ әдебиеті пәніне негіздей отырып, көрген – білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп ізденудің арқасында шебер сөйлеуге жаттығады. Бұл жинақ білім беруде «Қазақ әдебиеті» пәніне қосымша сабак ретінде алынып отыр. Үйірме 8-10 сыныптарға арналып, 34 сағаттан жоспар құрылды.

Дикторлық кәсіп үйірмесі 8 «Б» сынып

Барлығы – 34 сағат

Апталық сағат саны – 1 сағат

№	Сабактың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Орындалуы
1	Кіріспе. «Дикторлық кәсіп» үйірмесі туралы түсінік. Мақсат, міндегі, жоспарымен таныстыру	1		
2	Шешендік сөздің тарихына шолу	1		
3	Тыныс, дауыс, дикция туралы ұғым	1		
4	Орфоэпиялық заңдылықтар	1		
5	Сейлеу мәдениетімен таныстыру	1		
6	Менің шешендігім... (пікірталас үйімдастыру)	1		
7	Қазыбек бидің шешендігі	1		
8	Көркем сөз оку өнері	1		
9	Мәнерлеп оку мен әңгімелеп берудің негізгі тәсілдері	1		
10	Әйтеке бидің шешендігі	1		
11	Интонация және оның компоненттері	1		
12	Бұқаралық ақпарат құралдары туралы түсінік	1		
13	Екпін, кідіріс	1		
14	Радио туралы түсінік	1		
15	Радио дикторы.	1		
16	Теледидар туралы түсінік	1		
17	Теледидар дикторы	1		
18	Сөздің дұрыс айтылу заңдылықтары	1		
19	Әдеби тіл және оның нормалары	1		
20	Сахнада сөйлеу шеберлігін жетілдіру	1		
21	Әдеби шығармаларды кейіпкерлендіру	1		
22	Менің сүйікті тележургізушім	1		
23	Менің сүйікті бағдарламам	1		
24	Мектептегі өтетін іс-шараға диктор болу	1		
25	Наурыз мерекесіне бағдарлама өткізу	1		
26	Көктемгі су тасқынына тікелей репортаж жасау	1		
27	Көкшетаулық атақты тележургізушілер	1		
28	Мәлік Ғабдуллиннің ашылған ескерткішіне тікелей репортаж жасау	1		
29	Мектептегі іс-шараны бейнероликке	1		

	түсіру			
30	1-мамыр мерекесіне репортаж жасау	1		
31	ҰОС ардагерлерімен «Женістің мәңгілік алауы» тақырыбында сұхбат алу	1		
32	Сүйікті ұстаз тақырыбына мақала жазу	1		
33	Көкшетау қаласының көрікті жерлеріне саяхат, репортаж	1		
34	Жыл бойы өткен тақырыптарды жинастыру, есеп беру. Корытынды сабак	1		
Барлығы		34		